

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.16-17

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАЛ АЗЫҚТЫҚ АЛҚАПТАР ТЕРРИТОРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оспанова А., Ермекбаев Н.

Еліміздің табиғи мал азықтық алаптары 183 млн.га астам жерді алып жатыр, олардың 6млн.га жуығы жақсартылған. Бірқатар зерттеулердің нәтижелері бойынша мал шаруашылығы үшін табиғи мал азықтық алаптардан 20%-дан 80%-ға дейін мал азығы алынады екен. Табиғи шабындықтар мен жайылымдардың сапасы мен өнімділігі климаттық жағдайлары ылғал тапшылығы бойынша анықталады. Ауыл-шаруашылық алаптар құрамында табиғи мал азықтық алаптардың үлес салмағы республиканың солтүстігінен оңтүстігіне қарай жылжығанда көтеріле бастайды. Олардың үлес салмағы орманды-далалы аймақта - 44%, құрғақ-далалы -57%, жартылай шөлейтті - 82% құрайды[3].

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының алқаптары 12779,7 мың га құрайды, оның ішінде егістік – 553,1 мың га, шабындық – 1008,2 мың га, жайылым – 10105,3 мың га. Соңғы жылдары мал шаруашылығының қарқынды дамуына байланысты мал азығына сұраныс артуда. Мал шаруашылығын жем-шөп базасымен қамтамасыз ету үшін 2014 жылы 141,2 мың.га алаңында мал азықтық дақылдар егілді, бұл 2012 жылдың көрсеткішінен (108,6 мың га) 30,0%-ға көп[1].

Өңірдің мал шаруашылығын дамыту үшін жем-шөп базасының болмауы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Сол себепті жайылымның өнімділігін арттыру облыстың жайылым территориясын орналастыру келесідей элементтерді қамту керек: жайылымдарды фермалар мен мал топтарына, түрлеріне бекіту; гурт және отар учаскелерін, жазғы лагерлерді, суару пункттерін орналастыру; жайылымдық ауыспалы егіс жүйесін ұйымдастыру және олардың ішкі территориясын реттестіру; мал жаятын өрістерді (загондарды), мал айдайтын жолдарды орналастыру.

Жоғарыда аталған шараларды тиімді жүзеге асыру мақсатында жайылымдардың территориясын реттестіру кезінде, келесідей мәселелердің шешілуі маңызды:

- бүкіл жайылымдық кезеңде малдың жасыл азықты қажетсінуін үздіксіз қамтамасыз ету;
- жайылымдық ауыспалы егіс жүйесінде жайылымның өнімділігін қалпына келтіру және көтеру;
- малдарды ұзаққа айдауды болдырмау, мал азығын, өнімді және жұмысшы күшін тасмаддауға кететін транспорттық шығынды азайту;

- жайылымды жабдықтауға (жазғы лагерлерді, суару пункттерін салуға, жайлымдарды қоршауға т.с.с.) кететін шығынды қайта өтеу[2].

Облыстың мал азықтық алқаптар территориясын дұрыс ұйымдастыруды жүргізу мақсатында аталған шараларды қолға алған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Батыс Қазақстан облысының мәслихаттың № 29-4 шешімімен бекітілген «2016-2020 жылдарға арналған Батыс Қазақстан облысының аумағын дамыту бағдарламасы» -2015ж
9 желтоқсан. <http://bko.gov.kz>
2. Землеустроительное проектирование. Гендельман М.А.Учебник, Эвлю1999г-583с
- 3.Morgan E.R.,Torgerson P.R., Shaikenov B.S.,Usenbayev A.E.,Moore A.B.M.,Medley G.F., Milner-Gulland E.J. «Agricultural restructuring and gastrointestinal parasitism in domestic ruminants on the rangelands of Kazakhstan» Veterinary parasitology t139-2006y,p180-191.